



Ембі ТЫНЫСЫ

№5 (110)
МАУСЫМ
2023 ЖЫЛ

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.




КОМПАНИЯНЫҢ КӨГАЛДАНДЫРУ ШАРАЛАРЫ

КӨПШІЛІККЕ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

«Ембімұнайгаз» АҚ-ы қоршаған ортаны оңалту шараларына, жасыл беллеу көлемін арттыру жұмыстарына үлес қосуға әрқашан басымдық береді. Осы бағытта Компания тарапынан жоспарлы түрде жүзеге асырылып жатқан жұмыстарды жұртшылыққа таныстыру мақсатында арнайы кездесу ұйымдастырылды.

Атырау қаласының аумағында жүргізілген көгалдандыру жұмыстары жарияланған іс-шараға қатысқан облыстағы экология департаментінің, табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының өкілдері, қоғам белсенділері, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері Талқайран елді мекенінің аумағында ағаш отырғызды.



Арқа төсіндегі Астана – тәуелсіздіктің жемісі. Бас қаланың қазіргі бейнесінде еліміздің өткені мен бүгіні, келешегі сабақтасады. Ел дамуының көрінісіне, инновациялық жетістіктерінің жаршысына айналған елорда жаһандық дамудың жетегіне еріп келеді. Жыл сайын Астана төрінде өтетін халықаралық деңгейлердегі түрлі басқосу, салтанатты жиындардың ауқымы кеңейіп келе жатқаны – осы сөзіміздің дәлелі.

Астананың қалыптасуы халық тағдырымен және мемлекет тәуелсіздігінің жылнамасымен тығыз байланысты. Елорда – ел тарихының жаңа парағы ашылғанын айғақтайтын, болашаққа зор сеніммен қарауға ықпал ететін үлкен жетістік, ортақ еңбектің нәтижесі.

Еліміздің барлық өңірі Астана қаласының өркендеуіне өзіндік үлес қосты. Бүгінде бас қаламыз барша халықтың ынтымақ-бірлігінің символына айналды.

Құрметті әріптестер! Астана күнімен құттықтаймыз! Еліміз көркейіп, гүлдене берсін!

«Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы

ҮЗДІК МАМАН – 2023



ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ АУҚЫМЫ АРТА ТҮСТІ



«БАСТЫ МАҚСАТ – ҰЖЫМДА ДАУЛЫ МӘСЕЛЕЛЕРГЕ ЖОЛ БЕРМЕУ»



АТЫРАУ ЭКОЛОГИЯ ДИАЛОГЫ:

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (КМГ) 2031 жылға дейін Атырау облысындағы еншілес кәсіпорындарының қызметінде көмірқышқыл газы (CO₂) шығарындысын 400 мың тоннадан астам мөлшерде қысқартады. Бұл — компанияның барлық еншілес ұйымы бойынша төмендетуге болатын көміртек оксидінің үштен бірі (37%). Барлығы он жыл ішінде КМГ бүкіл компаниялар тобы бойынша CO₂ шығарындысын 1,6 млн тоннаға қысқартуды жоспарлап отыр.

Бұл туралы ұлттық компания 6 маусымда Атырау қаласында Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күніне орай өткен «Атырау экология диалогы: Экология және өнеркәсіп. Қоғам игілігі жолындағы серіктестік» тақырыбындағы конференция барысында мәлімдеді.

Іс-шарада қоғам өкілдері, экобелсенділер мен волонтерлер, эколог ғалымдар КМГ және оның өңірдегі еншілес ұйымдарының басшылығына (АМӨЗ, КРІ зауыты, «Ембімұнайгаз» АҚ), облыс әкімі Серік Шәпкеновке, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттарына және кездесудің басқа да қатысушыларына өздерін толғандыратын сұрақтарды қоюға мүмкіндік алды. Конференцияға ҚР Экология және табиғи ресурстар вице-министрі Нұрлан Құрмалаев қатысты, ол өз сөзінде осы секілді форумдарды өткізудің маңызын және оларды жауапты министрліктің қолдауы туралы атап өтті.

«Қоршаған ортаны қорғау мәселесі — біз үшін аса маңызды басымдықтардың бірі. Бұрынғы экология министрі ретінде бұл



саладағы, оның ішінде Атырау өңіріндегі қордаланған өзекті мәселелерді жақсы білемін. Біз оны жоққа шығарып, жасыруға немесе жабулы қазан күйінде үнсіз қалдыруға тырыспаймыз. Біз мәселенің барын ашық мойындаймыз және көпшілікпен талқылауға дайынбыз. Ал ең бастысы — оларды шешу жолдарын тауып, жүзеге асыру. Бұған біздің бүгінгі ашық диалог алаңымыз дәлел бола алады», — деп атап өтті «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма Төрағасы М. Мырзағалиев өз сөзінде.

Конференция барысында Атырау облысындағы КМГ активтерінде қоршаған ортаға

НӘТИЖЕЛЕР МЕН МАҚСАТТАР

бөлінетін заттарды азайту шаралары кеңінен талқыланды. Атап айтқанда, қатысушыларға Атырау мұнай өңдеу зауытында отын-энергетикалық ресурстарды тұтынуды қысқарту жоспары ұсынылды. Мәселен, кәсіпорын шығарындылары шаралар кешенінің, соның ішінде пештерді техникалық қайта жарақтандыру мен қондырғылардағы техникалық ескірген оттықтарды ауыстыру арқасында 2023-2027 жылдары 327,8 мың тонна CO₂-ге азайтын болады.

Сондай-ақ, зауытта 2025

жылға дейін резервуарлардан көмірсутек бұларының атмосферада булануын азайту үшін понтондар орнату жобасы жүзеге асырылып жатыр. Жоба көмірсутектердің булануын әр резервуардан 80%-ға дейін азайтуға мүмкіндік береді.

АМӨЗ басшылығы сондай-ақ төрт технологиялық қондырғыда (зауыттағы ластанушы заттар шығарындыларының негізгі көздері) автоматтандырылған мониторинг жүйесін енгізу туралы айтып өтті. Мониторинг жүйесі пештер мен қазандықтардан түгін газдарының құрамындағы

«Ембімұнайгаз» 2027 жылы метанның ағып кетуін анықтау және жою технологиясын (LDAR) енгізуді жоспарлап отыр.

Конференцияда компания Атырау облысының әкімдігімен меморандумға қол қойды. Құжат бойынша үш жыл ішінде Атырау аумағында 10 мыңға дейін ағаш отырғызу жоспарда.

«ҚазМұнайГаз» атмосфераға бөлінетін заттарды басқару жөніндегі шаралардан бөлек шикі газды алау етіп жағуды азайтады, су ресурстарын қайта пайдалануды, сондай-ақ рекултивация жұмыстарын қолға алды.

Компания 2030 жылға қарай тұрақты алау жағу көлемін нөлге дейін жеткізуге міндеттеме алды. Қазірдің өзінде 2017 жылмен салыстырғанда шикі газды алау етіп жағу көлемі 89%-ға төмендеді. Бұл көрсеткішке негізінен Ембімұнайгазда газ өңдеу қондырғысын пайдалануға беру арқылы қол жеткізді.

ҚазМұнайГаз өндіруші компаниялардың кен орын-



жылға қарай өзеннен алынатын су көлемі жылына 7 млн тоннадан (2022 ж.) 3,9 млн тоннаға дейін төмендейді.

Сондай-ақ, КМГ «Ембімұнайгаз» АҚ жабдықтары үшін қазандық-пеш отынын қолдану көлемін төмендету арқылы оның тиімділігін арттыру жолдарын қарастырып жатыр. Бүгінде дайындық кезеңі аяқталды. Бұдан бөлек,

дарында бұрыннан жиналған мұнаймен ластанған жерлерді тазарту бойынша біршама жұмыс атқарды. Соңғы 2 жылдың өзінде компаниялар тобы бойынша барлығы 1,2 млн тоннадан астам жылдар бойы жиналған мұнай қалдықтары утилизацияланып, 192 гектар жер қалпына келтірілді.

www.kmg.kz

БҮГІНГІ СТУДЕНТ — БОЛАШАҚ МАМАН

С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ кәсіпорындарында ғылыми зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды дамыту мен енгізу мәселелеріне арналған дөңгелек үстел отырысы өтті.

Іс-шараға Атырау облысының әкімі Серік Шәпкенов, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Мағзұм Мырзағалиев, С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінің ректоры Гүлзада Шақуликова мен университеттің профессор-оқытушы құрамы, КМГ еншілес ұйымдарының басшылары қатысты.

Кездесуде КМГ мен Атырау мұнай және газ университеті арасында ғылыми-академиялық бағытты дамытуға қатысты ынтымақтастық пен өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды.

Аталмыш құжатта кадр дайындау, студенттердің өнеркәсіп нысандарында өндірістік тәжірибеден өтуі, студенттерге инженерлік-техникалық мамандардың ментор болуы, факультеттердің зертханалық және тәжірибелік-конструкторлық инфрақұрылымын дамыту бойынша компания мен жоғары оқу орны арасында тығыз байланыс орнату мәселелері көрініс тапты.

Сонымен қатар кездесуде университеттің «КМГ Инжиниринг» компаниясымен ынтымақтастығының перспективалары талқыланды. «КМГ Инжиниринг»

ғылыми зерттеу жүргізу құралдарын пайдалана отырып, мұнай-газ саласының тұтас кешені бойынша өндірістік-техникалық талдау жасайды.

Бұдан бөлек, тараптар ғылыми зерттеулерді кен орындарда сынақтан өткізу, сондай-ақ ғылыми кадрларды КМГ-нің еншілес кәсіпорындарында өндірістің қолданбалы міндеттерін шешу процесіне тарту мәселелерін де қозғады.

«Бүгінде Атырау мұнай және газ университеті — салалық білім берудің флагманы, Атырау облысының ғана емес, басқа да өңірлердің өнеркәсіп кәсіпорындарына кадр дайындайтын ұстахана. Ұлттық компания ретіндегі міндетіміз — теория жағынан жақсы дайындалған ғана емес, сонымен қатар өндіріс орындарында тәжірибе алған білікті мамандарды даярлауға қолдау көрсету. Біз бұл бағытта ынтымақтастық орнатуға ашықпыз. Қол қойылған Меморандум бұл қызметке жаңа серпін беретініне сенімдімін», — деді КМГ басшысы М.Мырзағалиев.

www.kmg.kz



ЖОСПАР ОРЫНДАЛУЫМЕН ҚҰНДЫ



Компания басшылығының өндірісті аралау сапары «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасында жалғасты. «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Сәбит Арынов бастаған жұмыс тобы басқарманың құрылымдық бөлімшелерінің қаңтар-мамыр айларындағы өндірістік көрсеткіштері мен қазіргі ахуалын кеңінен талқылады.

Компанияның Бас директоры бастаған жұмыс тобы аталған басқармаға қарасты бірқатар кен алаңдары мен әлеуметтік нысандарды аралады. Іссапар аясында Гран, С.Балғымбаев, Жаңаталап, Забурин және Оңтүстік Қамысты кен орындарына барған топ мүшелерінің алдында «Жайықмұнайгаз» МҒӨ басқармасы бастығының міндетін атқарушы Азамат Маңғыбаев күн тәртібіндегі мәселелер бойынша нысандарды таныстырып, баяндап өтті.

«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Сәбит Арынов басқармадағы техникалық-ұйымдастыру,

геологиялық-техникалық іс-шаралардың орындалу барысына айрықша назар аударды. Сонымен қатар, мұнай құбырларын гидроизоляциялау жұмыстарын қазіргі стандарттарға сай, құрылыс нормалары және ережелерінің талаптарына сәйкесті жүргізу керектігіне тоқталды.

Кен алаңдарын аралау барысында жұмысшылардың әлеуметтік, тұрмыстық жағдайы да сараланып, жұмыс тобы жатақхана, асханаларды да аралады. Компания басшысы ауа-райы қолайсыз кездерде және қазіргідей күн ысып тұрған, жаз мезгіліндегі азық-түлік тасымалының үздіксіз

әрі талаптарға сай жеткізілуінің маңыздылығын атап өтті.

Компанияның басты құндылықтары қатарында жұмысшылар өмірі мен қоршаған орта қауіпсіздігі айқын бағыттар ретінде айқындалғандықтан, өндірістік және өрт қауіпсіздігі ережелерінің қатаң сақталуы – басты талап. Бұған қоса, әлеуметтік саясатты ұстанудың да маңызы зор. Өйткені, жұмысшыларды жатақханадағы жайлы орынмен, құнарлы азық-түлікпен қамту, өндірістік үрдіс пен еңбек шарттарына мән беру – Компания ұстанымдарының бірі. Осыған орай, ЕМГ Бас директоры жұмысшы мамандардың арнайы киіміне қатысты мәселені де назарға алды. «Киімнің сапалы, денеге қонымды болуы – өте маңызды. Өндірісте жұмыс жасайтын мұнайшылардың киімі жиі жуылатындықтан, түсі оңып кетпей, матасының жұқармай сақталуы қажет. Сондықтан, бұл мәселені назарда ұстаған жөн» деді ол.

Сапар аясында жаңадан салынып жатқан құрылыс жұмыстарының барысы да

қаралды. «Технологиялық сорғы станциясы» мен «Жаңаталап кен орнының әкімшілік-өндірістік ғимараты» құрылыстарының сапалы әрі талапқа сай салынып, уақытылы тапсырылуын айрықша назарға алу қажеттілігі айтылды. Сонымен қатар, Забурин кен орны жатақханасының жөндеу жұмыстарымен танысқан соң, Компания басшысы жұмысшыларға ыңғайсыздық туғызбай, уақытында аяқтаумен қатар, жөндеу жұмыстарының сапалы болуын қадағалау қажеттігін тапсырды.

Іссапар кезінде ағымдағы жөндеу жұмыстарына қатысты жоспарлар, күрделі жөндеу кезінде жаяу жүргіншілер жолын қоса салу секілді абаттандыру жұмыстары, жалпы кен алаңдары аумағын қолда бар техниканың көмегімен, яғни, өз күшімен тегістеу секілді мәселелер айтылды. Ауыз су мәселесі, жол салу, жұмысшылар тасымалына қатысты сауалдар да талқыланып, Компанияның Бас директоры Сәбит Арынов жауапты мамандарға бірқатар тапсырмалар жүктеді.



КОМПАНИЯНЫҢ КӨҒАЛДАНДЫРУ ШАРАЛАРЫ

КӨПШІЛІККЕ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ



(Жалғасы. Басы 1 бетте)

Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауында айтылған 5 жыл ішінде орман қоры жерінде 2 миллиард ағаш және елді мекендерде 15 миллион ағаш отырғызу туралы тапсырмасын іске асыру, сондай-ақ өңірдегі экологиялық жағдайды оңалту мақсатында ЕМГ мен Атырау облысының әкімдігі арасында көгалдандыру жұмыстарын жүргізу үшін 2021 жылы Меморандумға қол қойылды. Құжат шеңберінде Атырау облысының әкімдігі Компанияға Қайыршақты ауылдық округінің Талқайран ауылының аумағынан жалпы көлемі 243,2 гектар жер телімін бөлді.

ЕМГ бұл аумаққа топырақ-іздістеру жұмыстарын жүргізіп,

МЕМОРАНДУМ АЯСЫНДАҒЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

ОРЫНДАЛДЫ МА?

Облыс аумағындағы ірі мұнай-газ өндіруші кәсіпорындардың жасыл белдеу көлемін арттыру бағытындағы жұмыстары Атырау облыстық әкімдігінде кеңінен талқыланды.

Облыс әкімінің орынбасары Жасұлан Бисембиевтің төрағалығымен өткен жиынға шақырылғандар қатарында «Ембімұнайгаз» АҚ-ның жауапты мамандары да болды.

Компанияның еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бас техникалық басшысы Қайрат Сақтағанов атқарылған жұмыстарды таныстырып өтті. 2021 жылы Қоғам мен жергілікті атқарушы билік арасында бекітілген Меморандум аясындағы жоспарлы жұмыстар, олардың орындалысы туралы атап өткен Қ.Сақтағанов бөлінген аумаққа қазіргі таңда 9000-ға жуық жергілікті климатқа ыңғайланып, таңдалған көшеттер отырғызылғанын, тамшылатып су-

нәтижесінде учаскенің 30 пайызы, яғни, 71,3 гектар жер жасыл желектерді отырғызуға жарамды екені анықталды. Былтыр бастау алған осы жұмыстар нәтижесінде бүгінгі күнге дейін 10,5 гектар жерге 9000-ға жуық көшет отырғызылды. Ағаштар сәтті тамыр жайып, оларға мұқият күтім жасалауда. Жас шыбықтардың ағашқа айналуы үшін Компания мен «Қазсушар» РМК Атырау филиалы арасында Соколок каналынан тамшылатып суару әдісімен қамтамасыз ету мақсатында келісімшарт жасалған.

– «Ембімұнайгаз» АҚ жер қойнауын пайдаланушы отандық кәсіпорын ретінде болашақ ұрпақ алдындағы өз жауапкершіліктерін

жақсы түсініп, қоршаған ортаны қорғауға өз үлесін қосады және табиғат қорғау іс-шараларына, оның ішінде Атырау облысының жасыл белдеуін ұлғайтуға қомақты қаражат бөледі. Мысалы, жыл басынан бері Атырау аймағында 7 мыңнан астам ағаш отырғызылды. Жасыл белдеу көлемін арттыру жұмыстары болашақта да жүргізіледі. Алда көздеп отырған 35 гектар жеріміз бар. Сол аумаққа шамамен 25-30 мың ағаш отырғызылатын болады, - деп атап өтті «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Сәбит Арынов.

Кездесуге қатысқан тараптар жасыл желектердің жерсінугі, жайқалып өсуі туралы ортақ ұсыныс-пікірлерін де ортаға салды. «Атамекен Эко» қоғамдық бірлестігінің құрылтайшысы, облыстық мәслихат депутаты Арман Хайруллин: «Жұмыстар «қанағаттанарлықтай» деп баға береміз. Өйткені, жақсы өсім бар. Агротехнологиялық кезеңдер сақталған. Енді алға қарай олардың өсіп жетілуі үшін суды пайдалануда, үнемдеуде және дендрологиялық құрамды жаңартуда өз ұсыныстарымызды айттық. Ұсыныстар жүзеге асып, жұмыстар жүйелі жасалатын болса үміттер ақталады деп есептейміз» деді.

Жоғарыда аталған Меморандумға сай, Компания ағаштарды 3 жыл күтіп баптауы қажет. Бұған қарамастан, жергілікті атқарушы билік тарапынан тиісті қолдау түрлері қарастырылса, жасыл желек санын арттыру да, ағаштарды егу аумағын ұлғайту да – жоспарлы жұмыстар қатарында.

ЖАРЫС ЖОЛЫНДА – ЕМБІЛІК МҰНАЙШЫЛАР

«Ембімұнайгаз» компаниясына қарасты өндірістік-құрылымдық бөлімшелердегі жұмысшы мамандықтар арасында «Үздік маман-2023» кәсіби шеберлік байқауының II кезеңі өтті.

Осыған дейін өндірістік-құрылымдық бөлімшелер базасында бірінші туры өткен дәстүрлі сайыстың жеңімпаздары болып танылған 80-ге жуық ембілік мұнай саласы мамандықтарының 15 түрінен өзара сынға түсіп, шеберліктерін ортаға салды.

Екі күнге созылған байқаудың салтанатты марапаттау шарасына қатысқан «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Сәбит Арынов бұл сайыстың жұмысшылар үшін үлкен мотивация екенін айта келе, қызметкерлерді ынталандыру бағытындағы шараларды үнемі өткізу компания ұстанған басты мақсаттар қатарында екенін жеткізді. Сайыс қатысушыларына алғыс білдіріп, байқаудың ақтық межесінде бақ сынайтын ембіліктерге сәттілік тіледі.

Айта кетейік, сайыстың осы кезеңінде 1-орын иеленген жүлдегерлер «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еншілес мекемелері арасында өтетін «Үздік маман» байқауының финалдық кезеңінде ембіліктердің намысын қорғайды.



«МҰНАЙ ЖӘНЕ ГАЗ ӨНДІРУ ОПЕРАТОРЫ» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША:

- 1-орын** - Есенжол Губашев, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ;
2-орын - Әскер Еркетанов, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ;
3-орын - Олжас Теміров, «Доссормұнайгаз» МГӨБ;
Ынталандыру сыйлығы - Аманкелді Ерсайынов, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ.

«ҰҢҒИМАЛАРДЫ ЖЕРАСТЫ ЖӨНДЕУ ОПЕРАТОРЛАР БРИГАДАСЫ» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША:

- 1-орын** – Арман Қасанов, Абат Имашев, Болат Тәттібаев, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ;
2-орын - Жаңабай Мұхтаров, Аманқос Шонов, Саян Мұқашев, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ;
3-орын – Аманқос Арыстанбаев, Асылан Рысмұхамбетов, Бақтығали Жаманов, «Доссормұнайгаз» МГӨБ;
Ынталандыру сыйлығы - Токжан Сатқанов, Досжан Онуханов, Нұрболат Қанатов, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ.

«ҰҢҒИМАЛАРДЫ ЗЕРТТЕУ ЖӨНІНДЕГІ ОПЕРАТОРЫ» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША:

- 1-орын** - Рахымжан Теміров, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ;
2-орын - Әлихан Нақпаев, «Доссормұнайгаз» МГӨБ;
3-орын - Ерболат Гилманов, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ;
Ынталандыру сыйлығы – Жангелді Маселем, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ.

МҰНАЙ ДАЙЫНДАУ ОПЕРАТОРЫ (ТАУАРАЛЫ) МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША:

- 1-орын** – Ғани Ерғали, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ;
2-орын – Нұрлан Сапаров, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ;
3-орын - Аманқос Баспақов, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ;
Ынталандыру сыйлығы – Сәндібек Адиллов, «Доссормұнайгаз» МГӨБ.

ХИМИЯЛЫҚ ТАЛДАУ ЖАСАУ ЛАБОРАНТЫ МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША:

- 1-орын** - Жайнагүл Бохаева, «Доссормұнайгаз» МГӨБ;
2-орын - Ләззат Идиркенова, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ;
3-орын - Айсәуле Қуатова, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ;
Ынталандыру сыйлығы - Нәзира Мухаева, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ.

«СЛЕСАРЬ-ЖӨНДЕУШІ» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША:

- 1-орын** – Токтар Нигметов, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ;
2-орын - Киялбек Құдабаев, «Доссормұнайгаз» МГӨБ;
3-орын - Талғат Сабиров, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ;
Ынталандыру сыйлығы - Диас Шайдоллаев, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ.

ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ҚОНДЫРҒЫЛАР ОПЕРАТОРЫ МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША:

- 1-орын** – Бердібек Адиллов, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ;
2-орын - Мұрат Құлниязов, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ;
3-орын - Азамат Жұмашев, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ;
Ынталандыру сыйлығы - Ринат Айташев, «Доссормұнайгаз» МГӨБ.

«ЖЕР ҚАБАТЫ ҚЫСЫМЫН САҚТАУ ОПЕРАТОРЫ» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША:

- 1-орын** - Нұрболат Ордабаев, «Доссормұнайгаз» МГӨБ;
2-орын - Руслан Абдрахманов, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ;
3-орын - Нұрбол Сыехов, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ;
Ынталандыру сыйлығы – Алшынбай Исаинов, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ.

«ЭЛЕКТРОГАЗБЕН ДӘНЕКЕРЛЕУШІ» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША:

- 1-орын** - Дулат Ұзақбаев, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ;
2-орын – Амандық Дүйсенғалиев, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ;
3-орын – Ержан Ұламбаев, «Доссормұнайгаз» МГӨБ;
Ынталандыру сыйлығы - Берік Оңғарбаев, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ, Қасым Теңелбаев, «Ембімұнайэнерго» басқармасы.

«ЭЛЕКТР ЖАБДЫҚТАРЫН ЖӨНДЕУ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ЭЛЕКТРОМОНТЕРІ (БРИГАДА)» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША:

- 1-орын** - Тілекбай Рашиден, Ғазиз Ашан, «Ембімұнайэнерго» басқармасының «Прорва» аудандық электр торабы;
2-орын - Серік Нұғманов, Надырбек Жауқашты, «Ембімұнайэнерго» басқармасының «Жайық» аудандық электр торабы;
3-орын - Мейрамбек Нұрланов, Талғат Абитов, «Ембімұнайэнерго» басқармасының «Қайнар» аудандық электр торабы;
Ынталандыру сыйлығы - Байболат Джилгелдиев, Тұрлан Сабетов, «Құлсары» аудандық электр торабы; Рүсалим Тлегенов, Жұмабайұлы Азамат, «Мақат» аудандық электр торабы; Қуанышбек Төралиев, Жанболат Бердіғалиев, «Доссор» аудандық электр торабы.

«КОМПРЕССОРЛЫҚ ҚОНДЫРҒЫ МАШИНИСІ» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША:

- 1-орын** - Айбар Ғизатуллин, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ.
2-орын - Ғаділжан Күтқожин, «Доссормұнайгаз» МГӨБ;
3-орын - Абай Сатымов, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ;

«ТЕМІР ЖОНУШЫ» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША:

- 1-орын** - Нұрсейт Қонырбаев, «Доссормұнайгаз» МГӨБ;
2-орын – Аманжан Жолжанов, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ;
3-орын - Марат Қордашев, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ;
Ынталандыру сыйлығы – Зинеден Молдағалиев, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ.

«ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ СОРАПТАРДЫҢ МАШИНИСІ» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША:

- 1-орын** - Мұрат Қосыбаев, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ;
2-орын - Жанаділ Жәрдемов, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ;
3-орын - Абу Шонов, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ;
Ынталандыру сыйлығы - Қанат Сакупов, «Доссормұнайгаз» МГӨБ.

«КӨЛІК ЖҮРГІЗУШІСІ» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША:

- 1-орын** - Мұрагер Сердалиев, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ;
2-орын - Қайнар Дошымбетов, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ;
3-орын - Сайын Сәрсенбаев, «Доссормұнайгаз» МГӨБ;
Ынталандыру сыйлығы - Есет Есқазиев, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ; Ерболат Атапкелов, «Ембімұнайэнерго» басқармасы; Нұрбол Мұстахов, «Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау» басқармасы.

ЦЕМЕНТТЕУ АГРЕГАТЫНЫҢ МАШИНИСІ (МОТОРИСІ) МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША:

- 1-орын** – Айболат Рахманов, «Доссормұнайгаз» МГӨБ;
2-орын – Мақсат Беркалиев, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ;
3-орын – Берік Каримов, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ;
Ынталандыру сыйлығы – Бөкенбай Абилахасимов, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ.

САЙЫС ҚОРЫТЫНДЫСЫНДАҒЫ КОМАНДАЛЫҚ ЕСЕП НӘТИЖЕЛЕРІ:

- 1-орын** – «Жайықмұнайгаз» МГӨБ;
2-орын – «Доссормұнайгаз» МГӨБ;
3-орын – «Қайнармұнайгаз» МГӨБ.



Большинство месторождений, расположенных на территории Казахстана, в том числе и месторождения АО «Эмбаунайгаз» находятся на поздней стадии разработки. И «легкие» запасы углеводородов, сосредоточенные в высокопроницаемых пластах, характеризующиеся относительно низкой вязкостью нефти и разрабатываемые на упруговодонапорном режиме, на грани истощения. Поэтому на сегодняшний день актуальной задачей является повышение добычи нефти путем вовлечения в разработку трудно извлекаемых запасов, сосредоточенных в залежах характеризующихся повышенной плотностью пластовой нефти и высокой вязкостью.

Как правило такие запасы сосредоточены в маломощных пластах толщиной 2-3 м., пластах с низкой проницаемостью (1-40 мД) и в водоплавающих залежах, где традиционный метод разработки вертикальными скважинами не дает желаемую эффективность. Что подводит к необходимости применения альтернатив методов вскрытия пластов, одним из которых является бурение горизонтальных скважин.

ЭФФЕКТИВНОСТЬ БУРЕНИЯ ГОРИЗОНТАЛЬНЫХ СКВАЖИН

Целью бурения горизонтальных скважин (далее ГС) является, как правило, повышение добычи и выработки запасов углеводородов за счет значительного увеличения вскрытия эффективной нефтенасыщенной толщины, что в свою очередь приводит к приросту коэффициента проводимости и площади дренирования залежи.

ОПЫТ БУРЕНИЯ ГОРИЗОНТАЛЬНЫХ СКВАЖИН НА ЭМБЕ

АО «Эмбаунайгаз» начало активное бурение горизонтальных скважин с 2019 года, введя в эксплуатацию 4 единицы, с последующим ежегодным увеличением доли бурения ГС. Каждая горизонтальная скважина закладывается под определенные геологические цели с учетом всех рисков и неопределенностей. На текущий момент «Эмбаунайгаз» уже имеет опыт вскрытия пластов горизонтальным бурением на водоплавающих залежах, пластах с низкой проницаемостью и маломощных коллекторах.

Водоплавающие залежи – одна из разновидностей нефтяных залежей с осложненными геологическими условиями. Разработка таких залежей отличается быстрой обводненностью продукции за счет подтягивания подошвенной воды (конусообразование).

На месторождении С.Балгимбаев с водоплавающей залежью пробурено 3 горизонтальные скважины. Данное месторождение характеризуется относительно легкой нефтью плотностью 0,834 г/см³, вязкостью не более 26 сП и средней проницаемостью 270мД. Бурение вертикальных скважин на данном месторождении малоэффективно, поскольку они либо резко обводняются, либо вводятся в разработку с уже высокой долей воды в продукции. То есть вследствие конусообразования уменьшается зона дренирования вертикальных скважин, вырабатывается лишь прискважинная зона, а межскважинная остается невыработанной.

Путем применения геонавигации и корректировок траектории в процессе бурения, удалось пробурить горизонтальные скважины вдоль кровли корректора, а в точности 1,5 м от кровли (см. рисунок 1), что в свою очередь позволило увеличить площадь дренирования и уменьшить риск конусообразования. На текущий момент все 3 ГС являются успешными и работают с средним дебитом нефти 21 т/сутки и обводненностью 30%, при работе соседних вертикальных скважин с средним дебитом 6 т/сут и обводненностью 90%.




Рисунок 1. Геонавигационная модель ГС

Залежи с высоковязкими нефтями (далее – ВВН) – нефтяные залежи с трудноизвлекаемыми запасами, характеризующиеся «тяжелой» нефтью с повышенной плотностью и высокой вязкостью. Разработка данных залежей осложнена залегаемостью на больших глубинах, малой подвижностью нефти и высокой подвижностью воды. В связи с чем, наблюдаются «кинжальные» прорывы пластовой воды и воды с нагнетательных скважин, а также малыми отборами жидкости. Большинство методов разработки таких залежей являются экономически нерентабельными, вследствие необходимости применения вторичных и третичных методов воздействия на пласт.

Практически все залежи с ВВН на месторождениях АО «Эмбаунайгаз» приурочены к меловым отложениям с глубиной залегания 200-300м., характеризующиеся вязкостью нефти 300-800 сПз и низкими дебитами нефти (2-5 т/сут). На основе имеющегося опыта в бурении ГС и использовании геологидродинамических моделей, пробурены три горизонтальные скважины на трех месторождениях с ВВН (по одной скважине на месторождение). Два из которых оказались успешными. Одна из этих ГС, пробуренная на месторождение Карсак, работает со средним дебитом нефти 10 т/сут и обводненностью менее 5% (см. рисунок 2), относительно работы соседних вертикальных скважин с дебитом нефти менее 1 т/сут и обвод-

ненностью 97%, то есть, в 15 раз продуктивнее. В результате полученного положительного эффекта, планируется бурение четырех горизонтальных скважин на данном месторождении в 2024 году.




Рисунок 2. Динамика работы горизонтальной скважины

Низкопроницаемые пласты (далее – НПП) – одна из разновидностей залежей с трудноизвлекаемыми запасами углеводородов, характеризующиеся низкими проницаемостями и глубокозалегающие. Данные пласты осложнены высокой неоднородностью коллектора, изолированным блочным строением и отсутствием подпитки с краевых вод (аквифер).

В АО «Эмбаунайгаз» на долю НПП приходится около 30% остаточных извлекаемых запасов нефти, и выработка данных пластов является одной из первоочередных задач. Низкопроницаемые пласты (в интервале 1-20 мД) на месторождениях АО «Эмбаунайгаз» залегают в основном в триасовых горизонтах, на глубинах 2500-3000м, но имеются и пласты на нижнемеловых горизонтах. Зачастую НПП сопровождаются маломощными эффективными толщами.

На залежи с НПП уже пробурено значительное количество горизонтальных скважин, большая часть которых сопровождается применением многостадийного гидроразрыва пласта (МГРП). Как правило маломощные, низкопроницаемые пласты не вовлечены в разработку из-за низкого дебита в вертикальных скважинах.


К примеру, горизонтальная скважина №718, пробуренная в 2021 году на НПП, была введена в разработку с применением МГРП, что позволило увеличить коэффициент охвата. На текущий момент скважина работает с дебитом нефти 40 т/сут и обводненностью менее 5%, относительно соседних скважин, работающих с дебитом нефти 15-20 т/сутки.

ЗАКЛЮЧЕНИЕ

На сегодняшний день из 34 разрабатываемых месторождений АО «Эмбаунайгаз», 16 охвачены горизонтальным бурением. За период с 2019 по 2022 годы пробурено и введено в эксплуатацию 55 единиц горизонтальных скважин. Пробурены скважины с абсолютной глубиной (TVD) 220-3083м, общей проходкой 75 км. За счет бурения ГС удалось вовлечь в разработку трудноизвлекаемые запасы нефти, оптимизировать количество бурения скважин за год.

Внедрение и тиражирование проекта горизонтального бурения скважин позволило не только выполнять ежегодный план по добычи нефти с учетом текущего состояния разработки месторождений, когда бурение вертикальных скважин становится менее эффективным уже по геологическим причинам, но и существенно оптимизировать затраты на 1 добытую точную тонну нефти. Помимо этого, снижение общего количества вводимых скважин уменьшает выбросы вредных веществ в окружающую среду, и в будущем сократит затраты на ликвидацию скважин. На рисунке 3 приведена статистика эффективности бурения ГС на залежи с подвижными и трудноизвлекаемыми запасами нефти.

Рисунок 3. Распределение пробуренных ГС по категориям



ӨНДІРІС



Қызмет көрсету ауқымы арта түсті

«ПҚНМ-Қазақстан» ЖШС – Қазақстан Республикасының аумағында штангалық тереңдік сораптарға (ШТС) қызмет көрсету және уақытша пайдалануға беру жұмыстарын атқаратын ірі сервистік орталық. Таяуда компания Атырау қаласының «Телевизор» өндірістік аймағында орналасқан жаңа өндірістік цехының ашылу рәсімін өткізді. Іс-шараға «Ембімұнайгаз» АҚ, «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС Атырау филиалы өндірістік бөлімдерінің өкілдері қатысты.

Жаңа жұмыс орындарының құрылуына ықпал етумен қатар, Атырау облысындағы ірі салық төлеуші болып табылатын компания 2016 жылы ашылған. Сол кезден бастап, әр түрлі типтегі және модификациядағы 14 мыңнан астам ШТС жөндеу жұмыстары жүргізілген. Мұнай кәсіпшілігі жабдықтары бойынша компания көрсететін қызметтер қатары ауқымды. Бұл жөнінде толық таныстырып өткен «ПҚНМ-Қазақстан» ЖШС директорының орынбасары Евгений Новиков: «Компанияның негізгі мамандануы – өндірудің күрделі жағдайларына байланысты стандартты және арнайы ШТС жеткізу, штангалық тереңдік сораптарды жөндеу және сервистік қызмет көрсету, ШТС уақытша пайдалануға, яғни, жалға беру, техникалық сүйемелдеу, өндірудің белгілі бір күрделі жағдайларына жабдықты тандау, ұңғыма мен жабдықтың жұмысқа қабілеттілігін арттыру бойынша талдау және ұсынымдар беру» деп атап өтті.

2017 жылдан бастап, «ПҚНМ-Қазақстан» ЖШС «Ембімұнайгаз» АҚ кен орындарындағы штангалық тереңдік сораптарға қызмет көрсету және уақытша пайдалануға беру жұмыстарын жүзеге асырады. 2017-2023 жылдар аралығында ұңғымалардың жөндеу аралық кезеңінің ұлғаюы 42%-құрады. Механикалық қоспалар, жоғары газ факторы, жоғары тұтқырлық, парафин секілді мұнай өндірілуін қиындататын жағдайларда арнайы құрылғыларды қолдану тәсілі мен ШТС өндірісінде берік және тозуға төзімді материалдарды қолдану нәтижесінде осындай мүмкіндік туындап отыр.

Компания өкілдері сонымен қатар, «Ембімұнайгаз» АҚ-ның кен орындарындағы өндіру көрсеткіштерін жақсарту мақсатында әр кен алаңы үшін арнайы сораптар мен қосымша жабдықтардың жаңа конструкциялары жобаланып, дайындалғанын да атап өтті.

Ашылу рәсімінде қатысушыларға 2300 м2 аумақта орналасқан жаңа өндірістік цех таныстырылып, штангалық тереңдік сораптарын толық жөндеу және қызмет көрсету желісі, шығарылатын өнімді жөндейтін және диагностикадан өткізетін жабдық таныстырылды.

Цех жылына 9000 данаға дейін ШТС жөндеуге және қызмет көрсетуге арналған, бұл атаған өндірістік цехтың бұрынғы өнімділігін 3 есеге дейін арттырады.

Компанияның өнімдері API 11AX, ISO халықаралық стандарттары бойынша сертификатталған, сондай-ақ, Кеден одағының аумағында сәйкестік декларациясы бар. Жұмыс негізінен автоматты жүйеге лайықталған.

БАЛАНЫҢ ҚУАНҒАНЫ ҚАНДАЙ БАҚЫТ!



БАС КЕҢСЕДЕ – БҮЛДІРШІНДЕР



Биылдан бастап, білім саласындағы өзгерістерге байланысты соңғы қоңырау салтанаты халықаралық балаларды қорғау күніне орайластырылды. Жазғы демалыстың алғашқы күнінде жылдағы қалыптасқан дәстүрге сай, «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Сәбит Арынов көпбалалы отбасылар санатына жататын Компания қызметкерлерінің бір топ балаларын қабылдады.

«Дәл осы мерекеге орай, мұнайшылардың балаларын қабылдау, бүлдіршіндерге жақсы көңіл-күй сыйлау – біздің Компанияда қалыптасқан дәстүрлі шара. Ата-аналарын балаларының болашағы үшін маңдай терін төгіп, еңбек етуде. Мұнайшы болу оңай емес. Әке-аналарын уақытының бір бөлігін жұмыста өткізеді. Соның бәрі сіздер, болашақтарыңыз үшін. Оның қайтарымы білімді, үлгілі, тәртіпті оқушы болуға жатыр. Білімді адамның қолынан бәрі де келеді. Осы залда болашақ мұнайшы, ғалым, кәсіпкер, дәрігер, мұғалім тағы да басқа мамандық иелерінің отырғанына мен сенімдімін» деген Компания басшысы С.Арынов балаларды мерекемен құттықтап, қызықты жазғы демалыс тіледі.

Бас кеңседегі салтанатты жиыннан соң кішкентай қонақтар кинозалға аттанды. Жаңа қойылымды тамашалаған соң, мерекелік сауық ойын алаңында жалғасты.

ЖЫЛЫОЙЛЫҚТАРДЫҢ МЕРЕКЕЛІК ТАРТУЫ



Балаларды қорғау күніне орай «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының демеушілігімен Құлсары қаласында «Бала – біздің болашағымыз» тақырыбында мерекелік шара өтіп, құлсарылық 70 ерекше бала шараға арнайы шақырылды. Қала тұрғындарына көтеріңкі көңіл-күй сыйлаған концерттік қойылымдарда ерекше балалар сахнада өнер көрсетіп, би билеп, ән салды.

«Жылыоймұнайгаз» МҒӨ басқармасының бастығы Ғибатолла Шанаев қатысушыларды мерекемен құттықтап, ембілік мұнайшылардың бұл секілді игі іске үлес қосуы дәстүрге айналғанын атап өтті. Аталған басқарма тарапынан ерекше балаларды қолдау, қайырымдылық шараларына үн қосу үнемі ұйымдастырылып келеді. Соңғы 5 жылдың аумағындағы демеушілік шараларының тұрақты өтіп отырғанын ерекше бала тәрбиелеп отырған жылыойлық ата-аналар да ерекше ықыласпен айтады. Бұған қоса, іргелі өндірістік мекеме «Жылыоймұнайгаз» басқармасының мұнайшылары бұған дейін 5 отбасыға үй сыйлағаны да – көпке үлгі іс.

Балалар мерекесін мұнайшылармен бірге өткізуге атсалысқан «Жылыой ауданы филиал мүгедектігі бар жандар қоғамы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Амангелді Мыңжасаров осы шараны өткізуге қолдау білдіріп, демеушілік көрсеткен басқарма ұжымына алғыс білдірді.

Жылыойлық ерекше балалардың арасында өнерлі өрендер де аз емес. Мерекелік шарада арнайы көрме ұйымдастырылып, қолөнер туындылары сатылымға шығарылды.

Атырауда қалалық перзентхана базасында 3 айдан 3 жасқа дейінгі балаларға арналған «Қамқорлық» бөлімшесі ашылды.

Медициналық, әлеуметтік және педагогикалық бағытта жұмыс істейтін орталық шілде айынан бастап балаларды қабылдай бастайды. Атырау облысындағы нейро-ортопедиялық бұзылыстары бар және 3 айдан 3 жасқа дейінгі балалар кешенді



ЖАҢА ОРТАЛЫҚ – «ҚАМҚОРЛЫҚ»

оңалту көмегін ала алады.

«Бұл орталықта жыл сайын атыраулық 600 ерекше баланың емделуіне жағдай жасалады. «Самұрық-Қазына» қоры 2020 жылдан бері балаларға арналған оңалту орталықтарының ашылуын қаржыландырып келеді. Өңірімізде атқарылған игі бастамаға «Ембімұнайгаз», «Атырау мұнай өңдеу зауыты», «Қазпошта», «Қазақтелеком» сынды Қорға қарасты өңірлік кәсіпорындардың да қосқан үлесі зор», - деп атап өтті «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Сәбит Арынов.

Орталықтың жұмыс үлгісі әрбір сәби үшін оңалтудың жеке жоспарын жасауды көздейді, оны іске асыруға дәрігерлер – көпбейінді мамандар тобы невропатологтар, оңалту дәрігерлері мен пе-

диатрлар, ЕДШ нұсқаушылары, кәсіптік терапевтер, логопедтер жұмыс жасайды.

Мұнда церебралды сал ауруы, шала туу, Даун синдромы, дамуында туа біткен ақаулары, бұлшық ет дистрофиясы, босану жаракаттары және қозғалыс бұзылыстары, жүйке жүйесінің басқа да аурулары бар балаларды қабылдайды.

«Қамқорлық» орталығында балалармен жұмыс істеу үшін тиімді технологиялар ұсынылған, олар: механотерапия және емдік-дене шынықтыру залы, сенсорлық бөлме, иммерсиялық ванна, шунгит және тұз бөлмелері. Есту және бас миын зерттеуге арналған диагностикалық жабдық қосымша орнатылған, ол дамудың алғашқы

кезеңдерінде бұзушылықтарды анықтауға және оңалту бағытын әзірлеуге мүмкіндік береді.

«Қамқорлық» ерте араласу орталықтары қадамдық қолжетімділікте ерте көмек көрсетуді қамтамасыз ету үшін құрылған. Қазірдің өзінде 8 ерте араласу орталығы жұмыс істейді және осы жылдың соңына дейін осындай 11 орталықты ашу жоспарлануда. Осылайша, Қазақстанның әр өңірінде кәсіби реабилитациялық көмек қолжетімді болады. Бұл ауқымды жобаның серіктестері ҚР Үкіметі, өңірлер әкімдіктері, «Қазақстан халқына» қоры, «Самұрық-Қазына» ҰӘК және «Samruk-Kazyna Trust» қоры болып табылады», - деді «Қамқорлық қоры» корпоративтік қорының директоры Арайлым Еркінова.

БІЗДІҢ СҰХБАТ

Бүгінде тіршілігімізге кеңінен еніп келе жатқан саланың бірі-бітімгершілікке әкелетін шаралар. Соның бірі-омбудсмен мамандарға кеңінен қолдау көрсетуде. Омбудсмен қандай мәселемен айналысады? Бұл лауазым иесінің негізгі жұмыс принципі қандай? Кім және қандай сұрақпен омбудсменге жүгіне алады? Осы сұхбат барысында өзімізді қызықтырған маңызды сауалдарға жауап ізделік. Әңгіме өзегінде жаңа лауазымның міндеттерін ашуды мақсат еттік.

— Ең алдымен, осынау лауазымның негізгі мақсат-міндеттерін атап өтсеңіз.

— Омбудсмен лауазымы жаңа ғана қолға алынып жатыр десек те, ол қазіргі уақытта әлемде көптеген мемлекеттерде жұмысын бастап та кетті. Олар омбудсмен лауазымын өздерінің құқықтық жүйелерінде қалыптастырып үлгерді. Бұл — жаңа институт. Тараптардың мүдделері арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз ететін тетік десек, қателеспейміз. Жаңа лауазым қандай жұмыстарды атқарады деген сауалға жауап бермес бұрын, сәл артқа шегініс жасасaq.

Қазақ халқының тарихында даулы мәселелер билердің араласуымен бітімгершілікке келумен оң нәтижесін тауып отырғаны баршамызға белгілі. Ортада беделді қазақ билері орын алған дауларды көптің назарына ұсынып, екі жақты бірдей тыңдай отырып, әділ шешуге ұмтылған. Міне, омбудсмен лауазымының міндеті де осыған өте ұқсас. Ол ұжымдағы проблемалық мәселелерге жан-жағынан қарап, екі жаққа бірдей тиімді шешу жолдарын қарастырады. Еңбек дауларының алдын алу, мамандарға дер кезінде кеңестер беру, тағысын тағылар — осы лауазымның негізгі атқарар міндеті.

Омбудсмен — азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуын назарға алып, тәуелсіз қадағалау және қорғау, сондай-ақ, өз өкілеттігі шеңберінде бұзылған



Нұрлыбек ОЖАЕВ,
«Ембімұнайгаз» АҚ омбудсмені:

«БАСТЫ МАҚСАТ – ҰЖЫМДА ДАУЛЫ МӘСЕЛЕЛЕРГЕ ЖОЛ БЕРМЕУ»

құқықтарды қалпына келтіру мақсатында қызмет ететін лауазым иесі. Өткен жылы, яғни, 2022 жылдың 5 қарашасында қабылданған, 23 баптан тұратын «Адам құқықтары жөніндегі Уәкіл туралы» Конституциялық заң омбудсменнің құзыретін кеңейтті.

Бытырғы Референдумда қабылданған Конституциядағы өзгерістер мен толықтырулар осы құрылымның республика бойынша қалыптасуына негіз болды. Нәтижесінде, өткен жылдың соңында Қазақстанның барлық облыстарында жаңа институттың өкілдіктері ашылды. Енді келесі қадамдары ретінде, «Самұрық-Қазына» АҚ мен ұлттық компанияларда, олардың жабық еншілес ұйымдарында қызметтерін бастады.

Бұл жаңа лауазымға «Естуші», «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатын жүзеге асыру жолындағы негізгі тетіктің бірі ретінде қарауға болады. Бұл орайда кімдер омбудсмен бола алады деген сауалдың туындауы орынды. Қазақстан

Республикасының заңдарымен қызмет істеуде тәжірибесі бар, соның ішінде, басшылық лауазымдарда тәжірибе жиган, ортада беделі мен бейтарап шешім қабылдайтын қабілеті бар адамдар осы лауазымға тағайындала алады.

— Жұмыс барысында қандай құжаттар негізге алынады?

— Омбудсмен өз қызметінде ҚР Конституциясы, Еңбек Кодексінің негізге алумен қатар, «ҚазмұнайГаз» ҰК АҚ-ы Директорлар Кеңесінің 2020 жылғы

облыстық Кеңесі және басқа да облыстық құқық қорғау органдары басшыларымен кездесулер ұйымдастырылып, байланыс орнатылады.

— Бұған дейін әр салада қызмет еттіңіз. Омбудсмен ісімен айналысуға шешім қабылдауыңызға не себеп болды?

— Дұрыс айтасыз, бұған дейін өңіріміздің мемлекеттік өкілі және атқарушы жүйесіндегі басқарушылық лауазымдарында біраз жыл еңбек еттім. Жұртшылықпен бірлескен жұмыс жүргізу тәжірибемді де ескере отырып, маған осы жаңа лауазымды жолға қою жауапкершілігі ұсынылды. Оған мұнай-газ саласындағы 6 жылға жуық басшылық еткен жобалардағы еңбек өтілдерімді қосыңыз: «Теңізшевройл» компаниясының қаражатына жүргізілген «Сарықамыс» елді мекенінің тұрғындарын Атырау қаласына көшіру Жобасы (9 типтегі 256 үй,

Іскерлік этика кодексі талаптарының сақталуын қамтамасыз ету және оның ережелерін түсіндіру, ұжымдағы еңбек дауларын, корпоративтік келіспеушілік пен мүдделер шиеленісін алдын-алу мен оларды реттеу, құрылымдық бөлімшелердегі заңдылықтарға қайшы келетін әрекеттерді хабарлау шаралары туралы кездесулерде жан-жақты баяндалды. Басқосулар барысында Омбудсменнің қызмет алгоритмі мен мақсаты жөніндегі түсіндірулерден кейін, ашық пікірлесу форматында қызметкерлердің тарапынан түскен өтініш-сауалдардың шаралары алынды.

— Қандай мәселелер көтерілді?

— Алғашқыда ұжымдарға барған кезде бұл лауазымның жұмыс принциптері мен ұстанымдары, нәтижесінде алынатын шешімдердің процедуралары айтылды. Негізгі мақсат, қызмет бағыттары түсіндірілгеннен кейін, ашық форматта диалогтар қалыптасты.

мектеп және балабақша), «Аджип КСО» компаниясы құрылысын атқарған «Болашақ» зауыты (ҰК-ПНИ) бойынша демобилизация үрдісі.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен елімізде жүргізіліп отырған Конституциялық реформаға сәйкес ҚР Парламенті Мәжілісінің VII шақырылымы таратылып, Депутаттық мандатимды тапсырған болатынмын. Әр түрлі орталық органдардан түскен ұсыныстарға қарамастан, туған жерге деген ыстық ықылас та басымдық етті.

— Қазіргі уақытта түрлі кездесулер өткізіп, басқармалары аралап жүрсіз...

— Иә, жоғарыда аталған функционалдық жұмыстарды атқару, жалпы ахуалды бағамдау мақсатында Компанияға қарасты барлық басқармаларда болып, еңбек адамымен кездестім. 28 еңбек ұжымдарымен кездесу өткізілді. Омбудсменнің міндеттері ретінде, қызметкерлері мен лауазымды тұлғалар тараптарынан

Негізінен, жұмысқа қабылдау кезеңдері, жалақы төлеудің бірыңғай жүйесі, біліктілік санаты, ұйымдастырушылық сипаттағы бос тұрып қалу кезінде ақы төлеу туралы, тағы басқа да мәселелер көтерілді. Еңбек ұжымдарының қызметкерлері арасында «Бірліктің берекеге» жетелейтін ұстанымдары арқылы өзара түсінудің пен сыйластық, әркім жұмысына жауапкершілікті болу мәселелері қозғалды.

Осы тұста «Ембімұнайгаз» АҚ-ның Ұжымдық шарты жоғары деңгейде дайындалғанын айта кеткен жөн. Еңбек қауіпсіздігі жағдайлары, әлеуметтік кепілдіктер мен жеңілдіктер, т.б. қолдау шаралары жұмыс беруші мен қызметкерлер арасында жан-жақты қамтылған.

— Соңғы сауал. Омбудсменнің көмегіне кім жүгіне алады? Қандай байланыс тетігі қарастырылған?

— Қоғамның кез-келген қызметкері хабарласа алады. Олар өздерін мазалаған сауалдарын еркін түрде айта алады. Тікелей байланыс телефоны: 76-47-50, 21-750.

— Сұхбатыңызға рахмет.

КӘСІПОДАҚ

КЕЛІССӨЗДЕР ЖҮРГІЗУ – ТҰРАҚТЫЛЫҚ КЕПІЛІ

Шынын айту керек, бүгінде кейбір адамдардың арасында Кәсіподақ ұйымының жұмысын әлі толық білмей немесе қабылдамай жүргендер бар екендігі рас. «Аталмыш ұйым жұмысшыларға жолдама берумен айналысады» деп біржақты ұғынатындар да баршылық. Жұмысшылардың мүддесін қорғайтын Кәсіподақ ұйымының жұмысы дұрыс жолға қойылғанда ғана ұжымда жақсы ортаның қалыптасатыны даусыз. Табысты еңбекті талап етпес бұрын алдымен, еңбек адамының алаңсыз еңбек етуіне барлық қажетті жағдай жасалу керек. Ұжымдағы тұрақтылықты қалыптастыру — екі жақты бірлескен еңбектің нәтижесі. Демек, жұмыс беруші мен жұмысшының мүддесін қорғайтын кәсіподақ ұйымының жетекшілері бір саптан табылса, ұжымда шешілмейтін проблема жоқ. Міне, осы мақсатта «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасында барлық цехтағы кәсіподақ комитетінің жетекшілері бас қосқан кеңейтілген жиын өтті.

немесе кәсіподақ комитеті жетекшілерінің рөлін көтеру

Екіжақты бірлесе отырып, ашық диалог алаңында бас қосу шарасын ұйымдастыруға ұйытқы болған «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының бастығы Ғибатолла Шанаев басқармаға қарасты барлық цехтардағы кәсіподақ комитетінің жетекшілерін бір жерге жинап, олардың айтарына құлақ түрді, алдағы уақытта қолға алатын іс-шараларға кеңінен тоқталды.

— Біздің мақсатымыз ортақ — Ембі өндірісінде тұрақты жұмысты қамтамасыз ету. Ұжымда өндіріс пен әлеуметтік сала ұштасқанда ғана тұрақтылық орнайды. Ол үшін басшылық пен жұмысшылардың мүддесіне жауапты кәсіподақ ұйымының жетекшілері әрдайым бір саптан табылуы керек. Екеуара кері байланыс жақсы жолға қойылғанда ғана біз мақсатымызға қол жеткіземіз. Келіссөздер арқылы кез-келген проблеманы шешуге болады, — деген басқарма басшысы Ғибатолла Толағайұлы бұл орайда цехкомдардың мәртебесін көтеру жөніне де тоқталды.

Айта кету керек, цехкомдар мен басшылық арасындағы диалог алаңын ұйымдастыру арқылы аталмыш басқармаға қарасты барлық цехтардағы кәсіподақ комитеті жетекшілерінің мәртебесін көтеру көзделіп отыр. Цехкомның жұмысшылар ортасындағы беделі — ұйымның да мәртебесі. Цехтағы кәсіподақ комитеті жетекшілерінің ұжымдағы барлық жұмысқа өзіндік пікірін, көзқарасын білдіріп, белсенділік танытуы қарапайым еңбек адамының көкейіндегі сауалдардың оңтайлы шешілуімен сабақтасады. Проблема жоқ демейіз, ол кез-келген жерде бар.



Тек соның алдын алу маңызды. Демек, неғұрлым еңбек адамымен кері байланыс орнату нәтижесін тапса, соғұрлым көзқарастар қайшылығы да азаяды.

Міне, ашық диалог алаңына жиналғандар осындай ойларын ортаға салды. Пікір айтып қана қоймады, алдағы жұмыс жоспарларына тың ұсыныстарын да жолдады. Екіжақты кездесудің қорытындысында осындай форматтағы кеңейтілген жиналыстың ай сайын ұйымдастырылатындығы айтылып өтті.

Айта кеткен жөн, «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасында қолға алынған бұл шара — тың жоба.

ЕҢБЕК АДАМЫ

ГЕОЛОГИЯ –
ӨМІРІНІҢ БӨЛШЕГІ...

«Ембімұнайгаз» АҚ орталық аппаратының ұжымы барлау жобаларын басқару жөніндегі бас маман Қайрат Әділбековты құрметті демалысқа шығарып салды.

«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Сәбит Арынов ұзақ жылғы табысты еңбегі үшін алғыс білдіре келе, Қайрат Әділбекұлының Қазақстан Республикасы көмірсутегінің шикізат базасын дамытуға қосқан сүбелі үлесін де айрықша атады. Геологиялық барлау бағдарламасын іске қосу нәтижесінде Қайрат Әділбекұлының басшылығымен және тікелей қатысуымен Шығыс Уаз, Оңтүстік-Шығыс Новобогат (карнизүсті), Батыс Новобогат, С.Нұржанов (солтүстік-батыс канаты), Батыс Қарасор және Солтүстік Уаз мұнай-газ кен орындары ашылды, барланды және пайдалануға берілді.

Ол еңбек жолын «Уральскнефтегазгеология» ПГО Орал мұнай-газ барлау экспедициясында ұңғымаларды сынау жөніндегі операторлықтан бастаған. Қызметтік өрлеу жолында бірнеше сатыларды бағындырып, «Ембімұнайгаз» АҚ басқарма төрағасының геология және даму жөніндегі орынбасары лауазымына дейін көтерілді. Ембі мұнайының қорын толықтыру жолында жемісті еңбек етіп жүрген жас геологтардың тәлімгері ретінде бағалануы да – өз жұмысына деген зор жауапкершілігінің көрінісі.

Табысты еңбегінің нәтижесінде «Қазақстан Республикасының жер қойнауын барлау үздігі», «ҚР Құрметті жер қойнауын барлаушысы» ведомстволық марапаттардың иегері атанды. Мұнай-газ саласын дамытуға қосқан орасан зор еңбегі үшін, Қазақстан геологтарының қоғамдық қауымдастығы тарапынан жылдың Үздік геологы болып танылды.

Қайрат Әділбекұлының кәсіби біліктілігі мен ұйымдастырушылық қабілетін, өз кәсібіне деген адалдығын атап өткен әріптестері зейнет жасына жеткен жиын себепкеріне зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тіледі. Ал, ескерткіш ретінде ерекше сый – ашылуына өзі үлес қосқан кен орындары белгіленген Қазақстан Республикасының картасын тарту етті. «Ембімұнайгаз» АҚ орталық аппаратының кәсіподағы атынан да ескерткіш сыйлық табысталды.

Өз кезегінде Қ.Әділбеков өзіне деген ықылас-ілітипат үшін алғыс білдіріп, «Ембімұнайгаз» АҚ қызмет еткен жылдары еңбек жолында өшпес із қалдыратынын атап өтті. Ұжымның алға қойған мақсаттарға жетуіне, жаңа ашылуларға қол жеткізуіне тілектестік білдірді.

«Ембі тынысы»
газетін осы
QR код арқылы
да оқи аласыздар.



ҰЛАҒАТ

Сұрапыл соғыс жылдарында қиянқескі ұрыстарға қатысып, жеңісті жақындатқан жауынгерлердің бірі – Тілеумұхан Ермұханов. Соғыс басталған жылдары жасы небәрі 17-де болған жауынгер ерлік істеріне сай, II және III дәрежелі Ұлы Отан соғысы, III дәрежелі Даңқ ордені, «Ерлігі үшін», «Жауынгерлік еңбегі үшін» медальдарын иеленген.

Т.Ермұханов 1944 жылы майданнан оралған соң, Байшонас мұнай кәсіпшілігінде еңбек етті. Соғыстан кейінгі жылдарда белсенділігімен, көшбасшылық қасиеттерімен көзге түскен ол Байшонас кентінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы ондаған жылдар бойы басқарды. «Барлығы қара алтын өндірушілердің игілігі үшін!» деген ұранды басшылыққа алды. Кент көшелеріне асфальт төселіп, тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандардың жағдайы жақсы болуына оның қосқан үлесі зор. Топырағы сор жер болғанына

ЕРЛІК ПЕН ЕҢБЕК



қарамастан, ауылда жеміс-жидектерді күтіп, баптап өсіргені де ел есінде. Әсіресе, жерлері 1973 жылы «Байшонас апортының» Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы көрмесінде Қазақ КСР-інің атын шығарғанын әлі күнге ұмытқан жоқ.

Бейбіт күндегі ел дамуына еселі үлес қосып, тынбай еңбек еткен ол 1976 жылдан 1983 жылға дейін Бұмен жабдықтау кәсіпорнын басқарған кезде халықты үздіксіз жылумен және

сумен қамтамасыз етуге зор үлес қосты. Ұзындығы 100 шақырымнан асатын құбыр арқылы Гурьевтен су Байшонасқа жеткізілетін. Ал, аптап ыстықта суға зәру ауылға тіршілік көзін жеткізу, қарлы-боранды қыста ұзын құбырдың қатып қалмауын қадағалау – тынбайтын тірлікті, жауапкершілікті қажет ететін жұмыс.

Тілеумұхан Ермұханов пен жары Ажар Аббазованың отбасында он бір бала дүниеге келген. Үлкен әулеттің мәуелі бәйтерегі болып, немере, шөберелерінің ортасында бақытты ғұмыр кешті. Өкінішке орай, табиғаттың құбылмалылығына қарамастан тынбай еңбек еткен бұрынғы майдангер денсаулығына зиян келтірді. Біраз жыл ауыр дертпен күресіп, 1992 жылы дүниеден өтті.

Соңында ізі, ел жадында атқарған ісі қалды. Үлгілі жанның ұрпақтары бүгінгі күнде сан салада табысты еңбек етіп, соның ішінде қара алтын өндірісіне де сүбелі үлес қосуда.

Байырғы Байшонас кентінің тұрғындары, Атырау қаласының жұртшылығы келесі жылдың ақпан айында туғанына 100 жыл толатын Тілеумұхан Ермұхановтың есімін мәңгі есте қалдыру туралы мәселені көтеруде. Өйткені, ешкім де ұмытпаймайды...

ӘРІПТЕСТІК БАЙЛАНЫС

ЖАС МАМАНҒА – ЖАҢА МҮМКІНДІК



Сафи Өтебаев атындағы Жылыой мұнай және газ технологиялық колледжі бүгінгі таңда «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты «Жылыоймұнайгаз» МГӨ басқармасымен колледж студенттерін дайындауда тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасап келеді.

Осыдан біраз уақыт бұрын ауданымыздағы іргелі мекеме «Жылыоймұнайгаз» МГӨ басқармасына арнайы барып, білім ошағында салалық мамандарға білім беретінін айтып, колледжге оқу-тәжірибелік полигонын салып беруге өтініш білдіргенбіз. Басқарма бастығы Ғибатолла Шанаев ұсынысымызды қабылдап, полигон орынын толықтай дайындаған соң, 20-ға жуық мұнай саласы бойынша құрал-жабдықтарды қондырып берді.

Барлық студентті өндіріске тәжірибеге жіберу мүмкін еместігін ескерсек, полигонның тамаша алаңға айналғанын айрықша айта кетейін. Осы мамандықта

оқитын студенттер қазіргі таңда теория мен тәжірибені ұштастырып білімдерін жетілдіруде. Таяуда аталған басқарма бастығы Ғибатолла Толағайұлына және игі іске ат салысқан азаматтарға арнайы Алғыс хат табыстап, лебізімізді білдірдік.

Колледждің тағы бір жетістігі, бірінші рет «Ембімұнайгаз» АҚ және С.Өтебаев атындағы Жылыой мұнай және газ технологиялық колледжі дуалдық оқыту бойынша келісім шарт жасақтады. Соған сай, «Мұнай және газ кен орындарын пайдалану» мамандығы бойынша 18 жасқа толған студенттеріміз «Жылыоймұнайгаз» МГӨ басқармасының Терең өзек және Прорва кен орындарында вахталық әдіспен практикадан өтуде. Яғни, жастар 14 күн жұмыс жасап, 14 күн теориядан білім алады. Бұл – студенттер үшін керемет мүмкіндік.

Қара алтын өндіру саласына үлес қосатын лайықты мамандарды дайындаудағы әріптестік байланысымыздың арта түсетініне сенім білдіреміз.

Марат ИБРАЕВ,
Сафи Өтебаев атындағы Жылыой мұнай және газ технологиялық колледжінің директоры

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы:
Қоғаммен байланыс тобы

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Газет айына 1 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.
G.Karajanova@emg.kmgep.kz

И.Сатылғанова – 8 (7122) 99-34-66, 21-166
I.Satylganova@emg.kmgep.kz

Г.Әмірова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309
G.Amirova@emg.kmgep.kz

Баспахана: «Реформа» ЖШС

Мекен-жайы: Алматы қаласы

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

А.Кенжехорұлы – Аппарат жетекшісі;

Р.Тасмағамбетова – Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

Г.Шарафетдинова – Бас директордың кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары;

М. Елеусінов – Бас технолог;

Қ. Түлеушов – мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

Ж.Мұханғалиев – өнеркәсіп қауіпсіздігі бөлімінің бастығы;

Ғ.Қаражанова – қоғаммен байланыс тобының жетекшісі;

Ж.Дәуітов – «Жас мамандар» кеңесінің төрағасы.